

2024 жылғы қаңтар-наурызда ҚР тау-кен металлургия саласындағы (ТМК) өндіріс көлемі 3,010 трлн. теңгені құрады, бұл 2023 жылғы ұқсас кезеңнен 3,6%-ға артық. Металлургия өнеркәсібі құрылымында негізгі үлес түсті металлургияға тиесілі – 1 411,4 млрд. теңге, қара металлургиядағы өндіріс 598,7 млрд. теңгені құрады. Металл кендерін өндіруде негізгі үлесті түсті кендерді өндіру алады – 833,1 млрд. теңге, ал қалған бөлігі темір кендерін өндіруге тиесілі – 158,8 млрд. теңге.

«Металл кендерін өндіру» НКИ 2024 жылғы қаңтар-наурызда 107,3% құрады. Бұл ретте «темір кендерін өндіру» НКИ 114,8% құрады. Өндірістің ұлғаюы темір кенінің (126,0%); хром кенінің (119,6%) өсуімен байланысты.

«Түсті металл кендерін өндіру» НКИ 105,4% құрады. Өндірістің ұлғаюы түсті металдардың негізгі кендерін өндірудің өсуімен байланысты: алюминий (боксит) (134,1%); мыс-мырыш (106,1%); қорғасын-мырыш (121,2%); мыс (108,8%), құрамында алтын бар (117,2%) металдар.

«Металлургия» НКИ 2024 жылғы қаңтар-наурызда 104,3% құрады.

Түсті металлургиядағы НКИ 99,8% құрады, бұл ретте НКИ ұлғаюы тазартылған мыс (114,9%), өңделмеген алюминий, алюминий оксиді (127,3%), өңделмеген тазартылған қорғасын өндірісінде (104,6%) құрады.

Қара металлургияның НКИ-і қайта құю шойынының (105,1%); ферроқорытпалардың (118,5%); тазартылмаған болаттың (102,2%); қоспаланбаған болаттан жасалған өзектер мен шыбықтардың (104,9%); қоспасыз болаттан жасалған профильдер мен бұрыштардың (105,7%); қоспасыз болаттан (көміртекті) қырлы табақтардың өндірісін (108,1%) ұлғайту есебінен 111,5% құрады.

2024 жылдың қаңтар-ақпан айларында металлургия өнімдерінің экспорты 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 5,4%-ға ұлғайып, 2,0 млрд. АҚШ долларын құрады, оның ішінде қара металлургия – 0,5 млрд. АҚШ долларын, түсті металлургия – 1,5 млрд. АҚШ долларын құрады. Өткен жылдың көрсеткішіне қатысты қара

металлургия экспортының көлемі 32,8%-ға, түсті металлургия экспортының көлемі 31,4%-ға ұлғайды.

Металлургиялық өнім экспортының құндық құрылымында құны бойынша негізгі көлемді мыс (33,8%), алюминий (7,1%), ферроқорытпалар (12,3%) және тегіс илек (8,9%) алады. Металлургия өнеркәсібі экспортының ұлғаюы мыс, алюминий, алюминий және шыбықтар экспортының құндық көлемінің өсуі есебінен қамтамасыз етілді.

2024 жылдың қаңтар-ақпан айларында ҚР металлургия өнімдерін өткізудің негізгі нарықтары Қытай (31,0%), Ресей (22,4%), Түркия (11,2%) және Франция (7,1%) болды.

2024 жылдың қаңтар-ақпан айларында металлургия өнімдерінің импорты 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3,8%-ға төмендеп, 545,7 млн. АҚШ долларын құрады, оның ішінде қара металлургия – 423,1 млн. АҚШ долларын, түсті металлургия – 122,6 млн. АҚШ долларын құрады. Металлургия өнеркәсібі импортының төмендеуі дәнекерленген және жіксіз құбырлар, рельстер импортының құнының төмендеуіне байланысты болды.

2024 жылдың қаңтар-ақпан айларында металлургиялық өнімдер импортының құндық құрылымында: дәнекерленген құбырлар (6,2%), жіксіз құбырлар (11,2%), тегіс илек (13,7%), шыбықтар (17,4%), мыс анодтары (12,5%) басым.

2024 жылғы қаңтар-ақпанда Қазақстан Республикасына металлургия өнімдерінің негізгі жеткізушілері Ресей (78,8%), Қытай (9,0%) және Италия (3,0%) болып табылады.

2024 жылғы қаңтар-ақпанда ҚР-дағы металлургия өнеркәсібі нарығының көлемі 1,3 млрд. АҚШ долларын құрады, онда ОТӨ үлесіне 58,0%, импорттық өнімнің үлесіне 42,0% келеді.

Сала 3 өңірде: Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарында жоғары аумақтық шоғырлануымен ерекшеленеді. ҚР металлургия өндірісінің құрылымында 2024 жылғы қаңтар-наурызда Қарағанды облысының үлесі шамамен 20,6%, ШҚО – 20,9% және Павлодар облысының үлесі – 13,0% құрайды.

